

Ә.Е.Көксеген, А.М.Джұмағалиева

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана
(E-mail: ainyr_mir@mail.ru)*

«Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеу» атты жобаның сипаттамасы

Мақалада мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі мәселесіне зерттеу жүргізу жолдары қарастырылған. Жобаны құру жолындағы көкейкестілік мәселелерін шешу әдістері және оқытушыларға арналған факультативтік курсты әзірлеумен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі мәселесіне зерттеу жүргізу және талдау жасау тәсілдері ұсынылған. Авторлар ғылыми-зерттеу жоба Қазақстан Республикасының азаматтарына бейімделген нұсқасын берді. Бұл жоба мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін, әр түрлі жағдаймен мүгедек болған және компьютерлік техника меңгеруге мүмкіншілігі бар ересек адамдардың оқыту жолдарын қарастырған.

Кілт сөздер: компьютерлік оқыту, арнаулы компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, қашықтықтан оқыту, компьютерлік оқытуға бейімдеу, мүгедек адам, ересек, компьютерлік техника, инклюзивтік білім, білім жүйесі, әлеуметтік қолдау.

Қазіргі әлемде сапалы білім беру — өмірлік жетістіктерді анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Мүмкіндігі шектеулі жандар лайықты білім алуға және толыққанды өмір сүруге мүмкіншіліктері болуы тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалану барлық елдерде кеңінен таралуда. Оқыту үдерісінде компьютерлік технологияларды пайдаланудың тиімділігін бағалау үшін мүмкіндігі шектеулі жандардың оқытудың компьютерлік технологияларына қаншалықты бейімделетініне, мүгедек мамандардың ақпаратты-коммуникативті технологиялармен (АКТ) жабдықталған заманауи кәсіпорындарға жұмысқа орналасуына кедергісіз ортаны құруға тиісті зерттеулер жүргізу қажет.

Біздің елімізде, басқа елдер сияқты, бүгінгі күнде мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік бейімделуі және жұмысқа орналасу мәселелері ерекше көңіл бөлінеді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 ж. 17 қаңтарында Қазақстан халқына Жолдауында айтылған: «Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс — бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады...» [1].

Біздің зерттеу тақырыбымыз мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын бекітумен 3 мамыр 2012 ж. байланысты өзекті болып табылады. Аталған Конвенцияның маңызды бағыты мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоғамның азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріне толық қатысуын қамтамасыз ету, мүгедектік белгілері бойынша кемсітуді болдырмау, мүгедектерді қорғау және барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жүзеге асыру, сондай-ақ осы құқықтарды қамтамасыз ететін тиімді құқықтық механизмдерді құру [2].

Зерттелетін тақырыпқа қатысты басқа елдерде жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге шолу және олардың осы жобамен өзара байланысы мүмкіндігі шектеулі жандардың компьютерлік оқытуға бейімділігін зерттеу көптеген шетелдік және қазақстандық зерттеушілермен жүргізіледі:

- ATA Book Computer and Web Resources for People with Disabilities. Alliance for Technology Access (АҚШ);
- Microsoft және IBM сияқты танымал компаниялар «ассестивті» технологияларды кеңінен дамытуда;
- Ресейде білім беруде ақпараттық технологиялар бойынша ЮНЕСКО халықаралық институты мүгедектерді компьютерлік оқытуға арналған АКТ пайдалану сұрақтарымен және осы мақсатта құрылған арнайы жабдықтармен айналысады;
- Ресейде Санкт-Петербург қаласындағы Герцен атындағы педагогикалық университетінде «Музыкалық-компьютерлік технологиялар» оқу-әдістемелік зертханасы құрылды;

- Ресейде Пенза мемлекеттік университеті ЮНЕСКО ұйымымен бірлесіп қазіргі қоғамда мүгедектерді біріктіру және оқыту мәселесі бойынша жыл сайын симпозиум өткізеді;
- ақпараттық ресурстарға шолу мүгедектерді компьютерлік оқытуға арналған компьютерлік техникалық құралдарды дамыту Жапония, Финляндия, Ұлыбритания елдерінің назарында екенін көрсетті;
- мүмкіндігі шектеулі жандарды қашықтықтан оқыту әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да енгізілуде;
- Қазақстанда «Тұран» университеті мүмкіндігі шектеулі жандарды қашықтықтан оқытуға арналған портал құрды;
- 2011 жылдан күні бүгінге дейін біздің еліміздің барлық аймақтарында «Инклюзивті білім беру» тақырыбы бойынша дөңгелек үстелдер жұмыс істейді.

Келесі ғалымдардың А.Л. Вознесенский, С.Я. Кривовяз [3], С.С. Лебедев [4] еңбектерінде ақпараттық технологияларды пайдалану және мүгедек балаларға үздіксіз білім беру жүйесінде бейіндік оқыту; Е.Ю. Гибралтарская [5] мүгедек балаларды үйден оқытуда компьютерлік және компенсаторлық дамыту құралдарын пайдалану сұрақтары берілді.

Оқыту бағдарламаларын және оқытудың компьютерлік ресурстарын құру, әзірлеудің техникалық ұйымдастырылуы, әдістемелік принциптері, психологиялық-эргономиялық талаптары С.Аванесов, Е.Ы. Бидайбеков, А.А. Шәріпбаев, С.А. Христочевский, Ю.Ю. Баранова, А.Б. Юрасов, А.И. Тажигулова, Г.К. Нурғалиева, Д.Ш. Матрос сияқты ғалым-педагогтармен зерттелді.

Виртуалды білім беру ортасы мүмкіндігі шектеулі жандардың компьютерлік оқытуға бейімдеуіне өте тиімді болып саналады. Ақпараттық білім беру ортасының негізгі техникалық сипаттамаларына көп компоненттілік (оқу-әдістемелік материалдар, программалық жабдықтама, тренингтік жүйелер, білімді бақылау жүйелері, техникалық құралдар, мәліметтер қоры, ақпараттық-анықтамалық жүйелер және т.б.), интегралдық, бөлшектік жатады. Сондай-ақ мұндай жүйе дидактикалық технологиялар мен ақпараттық қорлардың, программалық жабдықтаудың және т.с.с. бірігуі ғана емес, білім алушының жеке білімі мен курс мазмұнын байланыстыратын «білім беру оқиғаларын» құрайды [6]. Сондықтан да виртуалды білім беру ортасын толығымен құру үшін келесі қосымшалар ескерілуі тиіс:

- 1) әлеуметтік жағдайды тануға байланысты басымдылық;
- 2) білім алушының қажеттілігіне байланысты білім алу мен жетілу арасындағы байланысты ескере отырып, білім беру формасын таңдау;
- 3) білім алушының негізгі объект пен білім беру жүйесінің элементі ретінде қарастыру қажет;
- 4) әлеуметтік, педагогикалық және когнитивтілігі бар білім беру бірлестіктерінің қолайлылығы тұлғаның қалыптасуы үшін өнімді ортаны қамтамасыз етеді.

Қашықтықтан оқытудың қолайлылығы жоспарланған оқыту формасы тәрізді электронды және басқа да технологиялардың көмегімен жүзеге асатын арнайы әдістерді талап ететін арнайы ұйымдастыру мен әкімшілік мәселелер құруға байланысты [7].

Сонымен, қашықтықтан оқыту — жоғарғы білім беру жүйесінде мәнді инновациялардың бірі, яғни ақпараттық қоғам мен білім қоғамының даму бағдарламасымен байланысты қазіргі білім беру парадигмасының мәнді элементі ретінде қарастырылады. Еліміздің бірқатар ғалымдары да қашықтықтан оқытуды дамыту мәселелерін зерттеуде өз үлестерін қосуда.

Қашықтықтан оқыту қазіргі кезде үздіксіз білімді қамтамасыз ететін оқытудың бірден бір формасы болып табылады. Олай дейтініміз, басты орында қашан да сапалы білім тұрады. ХХІ ғасыр білім, ғылым және сапа ғасыры болғандықтан, Қазақстанның білім беру жүйесінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, күннен күнге жаңарып жатқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы осыған дәлел. Соған сәйкес әлемдік тәжірибеде қашықтықтан білім берудің орны ерекшеленіп тұр. Сондықтан бүгінде елімізде білім берудің қашықтықтан оқыту технологиясы жақсы жүзеге асырылуда [8].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау, көптеген зерттеушілердің мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуды әр түрлі бағытта қарастыратынын көрсетті. Яғни мүгедектерді компьютерлік сауаттылыққа оқыту ретінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын мектептерде компьютерлік оқытуды енгізу және мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытуға арналған қашықтықтан оқытуды пайдалану.

Сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімдеу үдерісін зерттеумен байланысты жұмыстарды іс жүзінде жоқ деп белгілеуге болады.

Қашықтықтан оқыту білім деңгейі, оқу тапсырмалары мен білім қоғамында сол тапсырмаларды шешу құралдарымен анықталатын қазіргі білім парадигмасының мәнді элементтерінің біріне айналуға. Бұл парадигмада қашықтықтан оқытуды «жергіліктендіру» концептуалдық және ұйымдастырушылық көзқараспен алып қарағанда теориялық және функционалдық модельді талдау арқылы қашықтықтан оқыту кеңістігін сипаттау негізгі мәселе болып отыр [10].

Кейбір зерттеулерге сүйенсек, қашықтықтан оқыту нақты және анықталған қағидасы жоқ, білім беру мен оқу үдерісі уақыт пен кеңістікке бөлінген жағдайда қолайлы оқытуды қамтамасыз ету, білім беруді жеткізудің көптеген мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Дәстүрлі оқытудағыдай қашықтықтан оқытудың теориялық негізі болып, философиялық және психологиялық жол табуды айтуға әбден болады. Мәселен, қашықтықтан оқытуда қолданылатын оқу материалдарын ұйымдастыруға ықпалын барынша тигізетін ертеректе бихевиристтік теорияға негізделген компьютерлік технологияны пайдаланатын оқыту моделі жатады. Қашықтықтан оқытуда жинақталған тәжірибе теориялық тәсіл негізін құрушы келесі оқу үдерісі жағдайында көрініс табады:

1) оқытушы мен білім алушы ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырушы топ мүшелері де қашықтықпен бөлінген;

2) оқу материалдарын «жеткізу» мен екі жақпен байланыс орнату үшін әр түрлі технологиялар қолданылады;

3) оқыту мен қолайлы байланысты қамтамасыз етуді ұйымдастыру ерекше мәнге ие [9].

Бұл тәсілдер Д.Киганның еңбегінде жалпыланып және жүйеленген. Сонымен, Д.Киган сараптаудың негізгі үш бағытын ерекшелеп көрсеткен: біріншісі, оқу үдерісінде білім алушының жеке дара және де, тәуелсіздігі; екіншісі, «білім беруді индустрияландыру»; үшіншісі, байланыс тәсілдері.

Бірінші жағдайға тоқталатын болсақ, оқу үдерісі кезінде білім алушының жеке дара мен тәуелсіздігі қашықтықтан оқытудың дидактикалық принциптерінің негізгі мәнін анықтайды.

Екінші жағдай бойынша қашықтықтан оқыту жүйесінде оқытушы мен білім алушы арасында байланыс пен өзара байланысты талдаумен дидактикалық принциптерді құру. Сондай-ақ білім беру жағдайындағы байланыс білім алу үдерісін бақылау мүмкіндігімен анықталады. Оқу үдерісін ұйымдастыру көзқарасы негізінде қашықтықтан оқыту жүйесін сараптау жайында О.Петерсонның «білім беруді индустрияландыру» теориясында қарастырылған. Неміс зерттеушісі көрсеткендей, оқытушы мен білім алушы арасындағы байланыс белгілі бір технологиялық ереже бойынша бақылауға алынады, эмоциялы емес тіл арқылы жүзеге асады, шектелген мүмкіндікті талдау мен білім алушының бағытталған қажеттілігіне негізделген, өнімді жұмыс нәтижесі арқылы қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ қашықтықтан оқыту жүйесі алғашқы оқу тапсырмаларын, еңбекті бөлу, оқу курсы «жинау» және т.с.с. жоспарлауды қажет етеді. Сондықтан да қашықтықтан оқытуды білім берудің «индустриялды» түрі ретінде қарастырса болады [10].

Осыған орай, К.Дид онлайндық педагогиканың бірнеше зерттеу бағыттарын атап көрсетеді:

1. Педагогикалық дизайн.

- өнідірісте жаңа технологиялардың пайда болуына орай, болашақ қажеттіліктерді талдау;
- білім алуда қолайлы педагогикалық дизайн түрлерін оқыту;
- білім беруді тұтыну мен құрастыру басымдылықтарының әр түрлі мәселелерін шешуде қажет тепе-теңдік пен келісімді анықтау;
- білім алушылардың ұмтылысын салыстыру.

2. Білім алмасу желілері:

- тәжірибелі оқытушылар педагогикалық басымдылықтарды қаншалықты қолданатындықтарын зерттеу;
- тікелей гипермедиалық режим көмегімен емес, бір бірімен шынжыр тәрізді байланысқан білімді қорытындылау әдісін құру;
- ақпаратты қабылдаудың әр түрлілігі мен оқытуда әсер ететін сызықтық емес басқаруды анықтау;
- әр түрлі типтегі білім алушы мен оқытудың әр түрлі тапсырмаларына құрылымдық және ашық жетекшілік етудің оңтайлы тепе-теңдігін анықтау.

3. Виртуалды бірлестіктер.

Қашықтықтан қатысу дәрежесін оқыту әр деңгейдегі телекоммуникациялық өту мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ әр деңгейдің әлеуметтік байланысты жақсартудағы қолайлылығы анықталады:

- қашықтықтан оқыту мен оқу білім алушының талпынысын жоғарлату мен жұмыс өнімінің қаншалықты жақсаратынын анықтайды;
- қашықтықтағы оқытушы мен білім алушының талпынысын арттырудағы жұмыс іскерлігін анықтау;
- «Электронды қабырғалы аудитория» атты педагогикалық қолайлы тәжірибені, сынып бөлмесі төңірегіндегі дүниені шынайы өмірдегідей етіп арнайы технологиялық құралдармен сәйкестендіру;
- білім алушылардың технологиялық ортадағы бір-бірімен қарым-қатынасы желідегі анық тұлғалық деңгейі анықталады.

4. Біріккен жасанды орта.

Жасанды ортаға тән оқытудағы психологиялық құбылыстардың әсері символдық ақпараттың сезімтал формасына түрленуінің салыстырмалы деңгейі анықталады немесе білім алушының жасанды ортаға физикалық тұрғыдан енуі арқылы әр түрдегі оқу материалын меңгеруіне ықпалын тигізеді.

«Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеу» ғылыми жобасының алынған нәтижелерінің ғылымның және технологияның дамуына ықпал етуі:

- мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру барысында компьютерлік оқыту тиімділіктерін арттыру;
- мүмкіндігі шектеулі жандарды ақпараттық технологияларды меңгерген мамандар ретінде қайта даярлаудың сапасын арттыру;
- мүмкіндігі шектеулі жандарға заманауи компьютерлік технологияларды пайдаланатын кедергісіз жұмыс беру.

Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін жоғары оқу орындарында, колледждерде, әр түрлі оқыту орталықтарында, халықты жұмыспен қамту орталықтарында, халықты әлеуметтік қамтамасыздандыру орталықтарында және басқа мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда пайдалануға болады.

Жобаның мақсаты және міндеті

Жобаның мақсаты — оқытушыларға арналған факультативтік курсты даярлаумен мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеу жүргізу.

Жобаның идеясы мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеудің қазақстандық және әлемдік тәжірибесіне шолу жасау, зерттеу және талдау. Зерттеу нәтижесі негізінде мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеу және инклюзивті оқытатын оқытушыларға арналған факультативтік курсты даярлау мәселелері бойынша аналитикалық есеп дайындау.

Жобаның міндеттері

1) Зерттелетін мәселе бойынша теориялық материалдарды жинау және талдау, жүйелендіру және түйіндеу, мәселенің теориядағы жағдайын зерттеу.

Зерттеу тақырыбы бойынша аналитикалық ақпаратты жинау жоспарланып отыр.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеудің қазақстандық және әлемдік тәжірибесіне шолу жасау және талдау. Күрделі жағдайларды тұжырымдау және оны шешу жолдары.

2) Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын жүргізу.

Ғылыми-педагогикалық зерттеу жүргізу және зерттеу мәселесі бойынша басым бағыттарды әзірлеу: оқытушыларға және респонденттерге сауалнама жүргізу; мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі бойынша мәселелерін зерттеуге талдау жасау.

3) Зерттеулер бойынша жұмыстар жүргізу және негізгі нәтижелерді түйіндеу.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі бойынша оқытушыларға арналған факультативтік курстарды құру әдістемесін әзірлеу.

4) Зерттеуден алынған нәтиже бойынша аналитикалық есеп дайындау.

Ғылыми жобаның мақсаты — оқытушыларға арналған факультативтік курсты әзірлеумен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі мәселесіне зерттеу жүргізу және талдау жасау.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі мәселесіне зерттеу жүргізу және талдау жасау еңбекке қабілеттіліктері шектеулі жандарды оқытудың компьютерлік технологияларына қаншалықты бейімделетінін анықтайтын *аналитикалық есеп* жасауға мүмкіндік туғызады. Білігін бейімделу үдерісі мәселесіне зерттеу жүргізу және талдау жасауға мүмкіндік жасайды.

Алынған аналитикалық есеп мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүруін жақсартуға арналған мүгедек мамандарды АКТ жабдықталған заманауи кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру және кедергісіз ортаны құру сияқты айрықша маңызды сұрақтарды шешуге жағдай жасайды.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі мәселелерін зерттеу барысында мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеудің қазақстандық және әлемдік тәжірибесіне шолу жасалып, зерттеу және талдау жүргізіледі.

Жүргізілген зерттеулер негізінде мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі бойынша оқытушыларға арналған факультативтік курстарды құру әдістемесі әзірленеді.

Зерттеуде қойылған мақсатты және тапсырманы шешу үшін педагогика және психология әдістері пайдаланылады: педагогика, психология, зерттелетін мәселе бойынша ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау, болжау, салыстыру, ұқсастыру көмегімен ақпараттарды өңдеу. Дидактикалық әдістер: педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, педагогикалық тәжірибе. Оқытушыларға және респонденттерге бақылау жүргізу және сауалнама алу нәтижелерін өңдеудің статистикалық әдістері.

Жобаны жүзеге асыру нәтижелері жоғары оқу орындарында, колледждерде, әр түрлі оқыту орталықтарында, халықты жұмыспен қамту орталықтарында, халықты әлеуметтік қамтамасыздандыру орталықтарында және басқа мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда пайдалануға болады.

Жобада жұмыспен қамту уақыты және жұмыс сипаттамасы. Зерттеуші топ мүшелердің арасындағы жұмыстың үлестірілуі олардың құзыретіне пропорционал. Барлық ғылыми қызметкерлер ғылыми зерттеулерге, тоқсандық есептер жазуға, есептің қойылуына, ғылыми журналдарда мақалалар жариялауға, факультативтік курс әзірлеуге, қорытынды аналитикалық есепті жазуға және әзірлеуге қатысады. Жобалау, баптардың жариялауларына қатысады. Зерттеуші топтың барлық құрамының шұғылдану мерзімі 36 айды бірдей құрайды.

Ғылыми зерттеудерді сапалы өткізу үшін қызмет атқаруға қосымша тәжірибелі психолог-маман тартылады. Ол мүмкіндігі шектеулі жандарға және сондай контингентпен жұмыс істейтін педагогтерге психологиялық қолдау көрсетеді.

Жобаның кезеңдері, қойылған есептері, олардың маңыздылығын негіздеу күнтізбелік жоспары төмендегі кестеде көрсетілген.

К е с т е

Күнтізбелік жоспар

р/с	Жобаның тапсырмаларының атауы және оларды іске асыру шаралары	Ұзақтығы
1	2	3
1	Зерттелетін тақырып бойынша аналитикалық ақпараттар жинау	3
2	Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісін зерттеудің қазақстандық және әлемдік тәжірибелеріне шолу жасау және талдау жүргізу	3
3	Проблемалық жағдайларды шешу жолдары	3
4	Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-педагогикалық зерттеулер жүргізу және басым бағыттар әзірлеу. Оқытушыларға және респонденттерге сауалнама жүргізу	6
5	Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі бойынша мәселелерді зерттеуге талдау жасау	3

1	2	3
6	Жүргізілген зерттеулер нәтижесіне мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі бойынша оқытушыларға арналған факультативтік курстарды қалыптастыру әдістемесін әзірлеу	6
7	Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі бойынша оқытушыларға арналған факультативтік курстарды әзірлеу	3
8	Алынған нәтижелерді алғашқы орындармен салыстыру және қорытынды жасау	9
9	Мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуға бейімделу үдерісі бойынша оқытушыларға арналған факультативтік курстарды дайындау және жұмыс істету	6
10	Зерттеу нәтижесі бойынша аналитикалық есеп дайындау	6

Зерттеу барысындағы жоспарланған нәтижелер

1. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін жоғары оқу орындарында, колледждерде, әр түрлі оқыту, халықты жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қамтамасыздандыру орталықтарында және басқа мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда мүмкіндігі шектеулі жандарды компьютерлік оқытуды пайдалануға және оларды қазіргі қоғамға ықпалдастыруға пайдалануға болады.

2. Зерттеу нәтижелері және әзірленген факультативтік курс студенттерді және мүмкіндігі шектеулі ересек жандарды колледждерде, жоо, орта кәсіптік техникалық оқыту орындарында инклюзивті оқытуда пайдалануға болады.

3. Әзірленген факультативтік курс мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытатын оқытушыларға арналған әдістемелік құрал болады. Мұндай контингентке арналған арнайы бағдарламалық жабдықты құру барысында, бағдарламаны құрушылар аталған курсты оқи алады.

4. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін шетелдік ғылыми журналдарында жариялау *Journal of International Scientific Publications: Education Alternatives*.

5. Факультативтік курсты қазақ және орыс тілдерінде жүргізу.

6. Жобаның нәтижесі жалпы қолжетімді аналитикалық есеп және әзірленген факультативтік курс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Назарбаев Н.А.* Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: (<http://www.akorda.kz/ru/archive/2014-01-17>)
- 2 Конвенция ООН о правах инвалидов от 3 мая 2012 года // Сайт центр новостей ООН. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.un.org/russian/news>
- 3 *Гибралтарская Е.Ю.* Образование детей со специальными потребностями. Вспомогательные технологии и оборудование. — М.: МИФИ, 2004. — С. 63–75.
- 4 *Романенкова Д.Ф.* Теория и практика создания и функционирования региональной системы дистанционного обучения инвалидов: Сб. тр. симпоз. «Надежность и качество». — Пеиза: Изд. Пензенского гос. ун-та, 2008. — Т. 1. — С. 54, 55.
- 5 *Коростелева Н.А., Мартынова Е.А.* Актуальность внедрения технологии интегрированного (инклюзивного) обучения в высшие учебные заведения Республики Казахстан // Педагогическое мастерство (II): Материалы Междунар. науч. конф. (г. Москва, декабрь 2012 г.). — М.: Буки-Веди, 2012. — С. 207–210.
- 6 *Екжанова Е.А.* От интеграции к инклюзии // Школьный психолог. — 2010. — № 16. — С. 34–37.
- 7 *Васильева Н.В.* Жизненные планы молодых инвалидов: особенности формирования и реализация в современном российском обществе. — М.: Изд. МГУ, 2000. — С. 17.
- 8 *Rovai A., Ponton M., Baker J.* Distance Learning in Higher Education. New York: Columbia University Press, 2008; *The Theory and Practice of OpNm Learning*, edit. by T. Anderson. — Athabasca: Athabasca University Press, 2008. — P. 20.
- 9 *Dede C.* The Evolution of Distance Education: Emerging Technologies and Distributed Learning // *The American Journal of Distance Education*. — 1996. — № 10 (2). — P. 4–36.
- 10 *Нұрбеков Б.Ж.* Қашықтықтан оқытуды дамыту мәселесі // Вестн. ПГУ. — 2010. — № 1. — С. 23, 24.

А.Е.Коксеген, А.М.Джумағалиева

Описание проекта «Исследование процесса адаптации людей с ограниченными возможностями к компьютерному обучению»

В статье изложены основные направления проведения исследования и анализ проблемы процесса адаптации людей с ограниченными возможностями к компьютерному обучению. Описана идея создания данного проекта, которая заключается в проведении обзора, анализа, изучения казахстанского и мирового опыта исследования процесса. Приведена авторская разработка методики исследования данной проблемы. Авторы предлагают в данной статье анализ темы научно-исследовательского проекта, который будет апробирован на обучающихся Республики Казахстан. Исследование предполагает адаптацию к компьютерному обучению людей старшего возраста, ставших инвалидами по разным причинам, и трудоспособных, которые могут работать с компьютерной техникой.

A.E.Koxegen, A.M.Dzhumagaliyeva

Description of the project «research of process of adaptation of physically disabled people to computer training»

This article describes the main areas of the study and analysis of the problem of the adaptation process of people with disabilities to computer training. The article described the idea of creating this project, which is to review, analyze, study Kazakh and international experience study of the adaptation process of people with disabilities to computer training and given authoring research methods to this problem. The authors propose in this paper is a study theme of the research project, which will be adapted to the students of the Republic of Kazakhstan. This study suggests adaptation to computer training of adult who become disabled for various reasons, and can work with computers.

References

- 1 Nazarbayev N.A. *Address of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the nation. January 17, 2014, Kazakhstan's way – 2050: common aim, common interests, common future*, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz/ru/archive/2014-01-17>
- 2 *The United Nations Convention on the Rights of Persons with Disabilities on 3 May 2012. Site of the UN news center*, <http://www.un.org/russian/news>
- 3 Gibraltarskaya Ye.Yu. *Education of children with special needs. Assistive technology and equipment*, Moscow: Moscow Engineering Physics Institute, 2004, p. 63–75.
- 4 Romanenkova D.F. *Theory and practice of creation and functioning of the regional system of distance learning disabilities. Collection of works of symposium «Reliability and quality»*, Peiza: Penza State University publ., 5–8, 1, Penza, 2008, p. 54–55.
- 5 Korostelyova N.A., Martynova Ye.A. *Pedagogical skills (II): Collection of works the international scientific. Conf. (Moscow, December 2012)*, Moscow: Buki, Vedi, 2012, p. 207–210.
- 6 Yekzhanova Ye.A. *The school psychologist*, 2010, 16, p. 34–37.
- 7 Vasilyeva N.V. *The life plans of young people with disabilities: peculiarities of formation and realization a modern Russian society*, Moscow: MGU publ., 2000, p. 17.
- 8 Rovai A., Ponton M., Baker J. *Distance Learning in Higher Education*, New York: Columbia University Press, 2008; *The Theory and Practice of OpNm Learning*, edit. by T. Anderson, Athabasca: Athabasca University Press, 2008, p. 20.
- 9 Dede C. *The American Journal of Distance Education*, 1996, 10 (2), p. 4–36.
- 10 Nurbekov B.Zh. *Vestnik PGU, PGU*, 2010, 1, p. 23–24.